Егер әр адам бір-біріне жеке проблемаларын айтса, бір-бірін түсінер ме еді?

Кейде адам өз ішіндегі ойын, сезімін немесе жеке мәселесін тіпті өзіне жақын адамдарға да айта алмайды. Мен бұл тақырыпты таңдауыма өз тәжірибем себеп болды. Мен де кей жағдайда ішкі ойларымды жақын жандарыммен бөлісе алмаймын. Себебі бір нәрсені айтқаннан кейін «Ол мен туралы не ойлайды?», «Оның маған деген көзқарасы өзгеріп кетпей ме?» деген сұрақтар туындайды. Осы ойлар мені адамдардың бір-бірін қаншалықты түсінетіні туралы ойландырды.

Адамдар өз проблемаларын айтудан неге қиналады? Менің ойымша, оның бір себебі — өзіңді басқа адамның түсінбей қалуынан қорқу. Адам өз мәселесін айтып жатқанда, оған ең алдымен тыңдайтын адам керек. Бірақ кейде «Мен сені тыңдаймын» деген адамның өзі әңгіме барысында өз тәжірибесін немесе жеке мәселесін қоса бастайды. Сол сәтте адамның айтқысы келген ойы толық тыңдалмай қалғандай сезілуі мүмкін.

Әр адамның жеке пікірі, ойлау жүйесі және өмірлік тәжірибесі әртүрлі. Сондықтан бір жағдайға екі адам екі түрлі көзқараспен қарауы мүмкін. Осы айырмашылық кейде адамдардың бір-бірін түсінбеуіне әкеледі. Мысалы, бір адам үшін маңызды болып көрінген мәселе екінші адамға болмашы нәрсе болып көрінуі мүмкін. Бірақ бұл оның мәселесі маңызды емес дегенді білдірмейді. Біз біреудің жағдайын өз өлшемімізбен бағалаған кезде, оның шын мәнінде не сезініп тұрғанын түсінбей қалуымыз мүмкін.

Менің ойымша, әр адамда тыңдай білу қабілеті болуы керек. Әсіресе адам өз жеке мәселесін ашық айтып жатқан кезде, оған бірден өз пікіріңді қосудың қажеті жоқ. Кейде оған ақыл немесе дайын шешім емес, жай ғана тыңдайтын адам керек.

Адам сөйлеп жатқанда оның сөзін бөлмей, өз тәжірибеңмен салыстырмай, үнсіз тыңдау — қарапайым нәрсе сияқты көрінгенімен, маңызы үлкен. Себебі өз мәселесін айтып отырған адам саған өзінің ішкі ойын бөлісу арқылы сенім білдіреді. Ал сол сенімді ақтау үшін ең алдымен оны тыңдай білу қажет.

Мүмкін, адамдар бір-біріне барлық мәселесін айтып, бірден толық түсінісіп кетпейтін шығар. Өйткені әр адамның ойы мен көзқарасы әртүрлі. Бірақ бір-бірін тыңдауға және түсінуге тырыссақ, көптеген түсініспеушіліктің алдын алуға болады.

Кейде адамға жауап беретін емес, сөзін бөлмей тыңдайтын бір адам ғана қажет.